

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы

«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

Базалық (тірек)

конспекттер

«Мәдениеттану» пәні бойынша

0701000 – «Геологиялық түсірім, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»

0702000 – «Пайдалы қазба кенорындарын барлау техникасы және технологиясы»

0703000 – «Гидрогеология және инженерлі геология»

0704000- «Пайдалы қазба кенорындарын барлау және іздеудің геофизикалық әдістері»

1514000 – «Экология және кенді пайдалану облысында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану»

мамандықтарына арналған


Дайындаған оқытушы

Омарбекова Ж.С.

Әлеуметтік-экономикалық пән
бірлестігінің отырысында қаралды

Хаттама № 1 дан «1» 11 2019ж.

ПБ төрағасы Жумадилов Б.Ш.



Семей қ.

Базалық (тірек) конспекттер 2018 жылы бекітілген оқыту жұмыс жоспарына және 2019 жылы бекітілген оқыту жұмыс бағдарламаларына сай құралған.

Қолдану үшін оқу бөлімімен ұсынылған.

ОЖ бойынша директор орынбасары  Минаева Н.Т.



Міндетті бақылау жұмыстарының саны - 1
Қортынды бақылау - сынақ

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

Базалық (тірек)

конспекттер

«Мәдениеттану» пәні бойынша

0701000 – «Геологиялық түсірім, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»

0702000 – «Пайдалы қазба кенорындарын барлау техникасы және технологиясы»

0703000 – «Гидрогеология және инженерлі геология»

0704000- « Пайдалы қазба кенорындарын барлау және іздеудің геофизикалық әдістері»

1514000 –«Экология және кенді пайдалану облысында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану»

мамандықтарына арналған

Дайындаған оқытушы

Омарбекова Ж.С.

Әлеуметтік-экономикалық пән

бірлестігінің отырысында қаралды

Хаттама № __ дан «__» _____ 2019ж.

ПБ төрағасы Жумадилов Б.Ш.

Семей қ.

Базалық (тірек) конспекттер 20____ жылы бекітілген оқыту жұмыс жоспарына және 20____ жылы бекітілген оқыту жұмыс бағдарламаларына сай құралған.

Қолдану үшін оқу бөлімімен ұсынылған.

ОЖ бойынша директор орынбасары _____ Минаева Н.Т.

Міндетті бақылау жұмыстарының саны - 1

Қортынды бақылау - сынақ

Мазмұны

№ р/с	Тараулар мен тақырыптардың атауы	Бет
1	Мәдениеттану дербес ғылым ретінде	4
2	Мәдениетті зерттеу әдістерінің көп түрлілігі	6
3	Мәдениет және өркениет	9
4	Мәдениеттің қалыптасуы, архаикалық мәдениеттің ерекшеліктері	11
5	Конфуцийлік-даосистік ілімі	13
6	Үнді-буддалық діні мәдениетінің типтері	16
7	Мәдениеттің христиандық типі	18
8	Батыс еуропалық мәдениет және қазіргі әлемнің дамуына ықпалы	20
9	Африка мәдениетінің ерекшелігі	22
10	Ислам мәдениетінің әлемі.	23
11	Ежелгі дәуірдегі Қазақстан территориясын мекендеуші халықтар мәдениеті	26
12	Орта ғасырлық Қазақстан мәдениеті	30
13	XVIII-XIX ғасырлардағы қазақтардың мәдени дәстүрлері	32
14	Қазіргі заман Қазақстан мәдениеті	36
15	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	39

Тақырып №1: Мәдениеттану дербес ғылым ретінде

Жоспар:

1. Мәдениеттану ғылымы

2. Мәдениет ұғымының тарихи қалыптасуы

3. Қазіргі заманғы ғылымдар жүйесінде мәдениеттанудың алатын орны

Мәдениеттану пәні әр түрлі қоғамның өмір сүруі барысындағы мәдени өмірді жан-жақты қамтып, мәдени құбылыстарға ғылыми тұрғыдан талдау жасайды. Мәдениеттануды тек гуманитарлық ғылымдар саласына ғана емес, жалпы теоретикалық пәндер қатарына жатқызуға болады, өйткені ол адамзат баласының мәдени өміріндегі сан алуан құбылыстарды жүйелі түрде қарастырады. Мәдениеттану мен көптеген ғылым салалары шұғылданады. Оның ғылым ретінде қалыптасуына антропология, тарих, психология, педагогика секілді ғылым салалары зор ықпал етті. Мәдениеттану пәнінің негізгі мәселесі адамзаттың ерекше өмір сүру тәсілі ретінде мәдениеттің қалыптасып дамуы, оның генезисі болып табылады. Бұл орайда мәдениеттанушылардың басты мақсаты – дүниежүзілік және ұлттық деңгейдегі тарихи-мәдени процестерді тарихи шындық тұрғысынан түсіндіре отырып, оларды болжай білу. Кеңес дәуірінде Қазақстанда Мәдениеттану пәні жүйелі түрде оқытылмай, гуманитарлық ғылымдар саласында өзінің нақты орнын таба алмады.

Мәдениет ұғымының тарихи қалыптасуы

«Мәдениет дегеніміз не?» бұл термин Қазақ тіліне арабтың мадавият қала, қалалық деген сөзінен енген. Бұл ортағасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты. Уақыт өткен сайын еуропалық тілдерде мәдениет сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие бола бастады. Қазіргі заманғы сөздіктерде мәдениетке төмендегідей анықтамалар берілген:

мәдениет белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы;

мәдениет адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, критмикен мәдениеті, қазақ мәдениеті және тағы басқалары);

мәдениет адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті және тағы басқалары);

агро мәдениет (дәнді өсімдіктер мәдениеті, цитрустық мәдениет және тағы басқалары).

Ал осы ұғымдардың ішінде мәдениеттану пәніне алғашқы екі ұғымның тікелей қатысты екендігін аңғаруға болады. Білімсіз және тәрбиесіз адам еш уақытта мәдениетті бола алмайтыны ақиқат, ендеше білім мен тәрбие барлық халықтар мәдениетінің қайнар бұлағы болып табылады.

Еуропада кеңінен тараған мәдениет жөніндегі ұғым діни сипатта болды және ол мынандай қағидаларға келіп тірелді:

мәдениетті — ақыл-ойдың не табиғи сезімнің көмегі арқылы түсіну (энциклопедистер); мәдениетті — ішкі адамгершілік заңдарының көмегімен тану (Кант); мәдениетті эстетикалық, көркемдік шығармашылық қызмет арқылы білу (Шеллинг); ең соңында мәдениеттің адамзаттың тегіне қатыстылығы және оның абсолюттік идея ме дүниежүзілік рухты жүзеге асырудың құралына айналғандығы (Гегель);

адамзат мәдениеті үздіксіз дамып-өркендей отырып эволюция мен прогрестің жалпы заңдарына сөзсіз бағынады. Бірақ біз қарастырған кезеңде мәдениеттің материалдық негізіне мән берілмей (әңгіме Л.Г. Морган мен Тайлордан басқа Маркске дейінгі мәдениет жайындағы концепциялар туралы болып отыр), мәдениетті тек құдайдың шапағатымен ғана байланыстырып, бұл ұғымға мәдениеттің – ғылым, адамгершілік, өмір, философия, құқық және тағы басқалары сияқты салаларын ғана енгізген.

Қазіргі заманғы ғылымдар жүйесінде мәдениеттанудың алатын орны

Мәдениеттану жеке пән ретінде XIX ғасырдың соңғы ширегінде қалыптаса бастады, сондықтан да оны әлі де болса буыны бекімеген жас ғылымдар саласына жатқызамыз. Мәдениеттану — мәдениет туралы ғылым,

сонымен қатар философиялық ілім, өйткені ол философияның басты саласы, мәдениет философиясын қамтиды. Мәдениеттану қоғамда болып жатқан түрлі процестерді (материалдық, әлеуметтік, саяси, адамгершілік, көркемдік тағы басқалары) барынша қамтып, мәдениет дамуының жалпы заңдылықтарын, оның өмір сүруінің принциптерін және бір-біріне этно-әлеуметтік, саяси-моральдық, ғылыми, көркемдік және тарихи сипаттамаларымен, жағдайларымен ерекшеленетін түрлі мәдениет түрлерінің өзара байланыстарымен, тәуелділіктерімен зерттейді.

Мәдениеттану пәні сонымен қатар жергілікті және аймақтық мәдениеттердің сапалы ерекшеліктерін, олардың өзара байланыстары мен мәдениеттің басқа түрлерімен мирасқорлығын, қарым-қатынасын зерттей отырып, адамзат баласының біртұтас мәдени даму процесінің жалпы заңдылықтарын анықтайды. Демек, мәдениеттану пәні түрлі қоғамдар барысындағы мәдени өмірді жан-жақты қамти отырып, ондағы басты мәдени процестерге ғылыми тұрғыдан талдау жасайды. Мәдениеттануды тек қана гуманитарлық ғылымдар саласына ғана емес, жалпы теориялық пәндер қатарына да жатқызуға болады. Өйткені бұл пән адамзат баласының мәдени өміріндегі толып жатқан құбылыстарды жүйелі түрде қарастырады.

Бақылау сұрақтары:

1. Мәдениеттану жеке пән ретінде қай кезде қалыптасты?
2. Мәдениеттану пәні нені қамтиды?
3. «Мәдениет дегеніміз не?»
4. Қазіргі заманғы сөздіктерде мәдениетке қандай анықтамалар берілген?
5. Мәдениетті және мәдениетсіз ұғымдарына не түрткі болды?

Тақырып №2: Мәдениетті зерттеу әдістерінің көп түрлілігі.

Жоспар:

1. Мәдениетті зерттеу әдістері.
2. Зерттеу әдістерінің көптүрлілігі.

Қазақ мемлекетінің тәуелсіздікке жетуіне байланысты қазақ ұлтының мәдениеті тарихын, ұлт, мемлекет болып қалыптасу бағытындағы даму

жолдарын зерттеу үнемі назарда тұратын мәселе болып табылады. Осы мәселелердің бастыларының бірі - қазақ тілінің тарихи қалыптасу жолдарының ерекшеліктерін іздестіру, айқындау.

Зерттеу жұмысының өзектілігі.

Молда Мұса шығармаларының лексикасын, ақын қолданған көркемдегіш құралдардың сипатын, жүйесін, тілдік табиғатын қарастыру, зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін танытады.

Жұмыстың негізгі мақсаты - Молда Мұса Байзақұлының шығармалары лексикасының тарихи - лексикологиялық негізін, көркемдегіш құралдарды пайдаланудағы ерекшеліктерін анықтау, өзіндік қолтаңбасын табу. Осы мақсатқа сәйкес төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

- Молда Мұса Байзақұлы өмір сүрген кезеңге, өміріне шығармаларының зерттелу жайына шолу жасау;
- ақын шығармалары лексикасының тарихи - лингвистикалық қабаттарын, олардың ерекшеліктерін айқындау;
- ақын шығармалары лексикасында қалыптасқан көркемдегіш амал-тәсілдердің мәнін талдау.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

- Молда Мұса шығармаларының лексикасы тарихи этнолингвистикалық тұрғыдан зерттелді;
- ақын шығармаларындағы материалдық мәдениетке қатысты этнографизмдер нақты тілдік деректер арқылы анықталды;
- ақын шығармаларындағы көркемдегіш құралдардың қолданыс мақсаты айқындалды.

Зерттеудің әдістері мен тәсілдер.

Зерттеу жұмысында баяндау, салыстыру, сипаттау, этнолингвистикалық зерттеу, топтау, жүйелеу әдістері қолданылды.

Зерттеу дереккөздері. Молда Мұсаның 1987 жылы "Өткен күндер" деген атпен шыққан кітабы, "Бес ғасыр жырлайды" (1989). Зерттеу жұмысының нәтижесінде Молда Мұса шығармаларының лексикасына байланысты 600-

дей мысалдар жинақталды. Тақырыпқа қатысты еңбектер, сөздіктер пайдаланылды.

Молда Мұса шығармаларының зерттелуі.

Халқына танымал болған, артына елеулі әдеби мұра қалдырса да, шығармашылығы аз зерттеліп, өз бағасын ала алмай келе жатқан ақындардың бірі - Мұсабек Байзақұлы.

Мұсабек Байзақұлы өмір сүрген кезең - қазақ халқының әлеуметтік саяси, экономикалық және мәдени өмірінде болған тарихи актілердің, түбегейлі өзгерістердің, шиеленісіне түскен идеологиялық тартыстардың заманы болды. Молда Мұса - туындыларын ауызша да, жазбаша да таратқан, яғни байырғы поэзия дәстүрін жазба әдебиетке жалғастырған ақындардың бірі.

Ақын мұрасын зерттеген жас ғалым Зейне Оразбаева "Мұсабек Байзақұлының ақындық мұрасы" атты еңбегінде оның мұрасынан қазақтың халықтық поэзиясына және шығыс, батыс әдебиетіне тән жанрлар мен жанрлық түрлерді бөліп көрсетеді.

Олар:

1. Арнау.
2. Көңіл айту.
3. Жоқтау.
4. Талғау.
5. Сәлем хат.
6. Жазба айтыс.
7. Төкпе айтыс.
8. Сықақ - эпиграмма.
9. Мысал.
10. Ю.Тәмсіл.
11. Рубағи.
12. Матхия (мақтау).
13. Дастан.
14. Саяси - әлеуметтік лирика.
15. Философиялық лирика.
16. Көңіл-күй (махаббат).
17. Табиғат лирикасы.

Осындай артына әдеби мол мұра қалдырған Молда Мұсаның шығармашылығы әдебиеттану ғылымы тұрғысынан ғана зерттеліп жүр.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Мәдениетті не үшін зерттейді?
- 2) Мәдениетті қандай ғылымдар зерттеді?
- 3) Зерттеу жұмыстарының нәтижесі?
- 4) Шпенглер, Кант және Руссо сияқты ойшылдардың пікірлері туралы не айтуға болады

Тақырып №3 Мәдениет және өркениет

Жоспар:

1. Мәдениет және өркениеттің ерекшеліктері.

2. Мәдениет және өркениет туралы пікірлер.

Мәдениет ұғымын тереңірек түсіну үшін, біздің зердемізге бірінші түсетін ұғым — өркениет. Өркениет (цивилизация) семантикалық жағынан алғанда (латын тілінің — «civilis» сөзі) азаматтық дегенді білдіреді. Ғасырлар бойы қалыптасқан осы екі ұғымның мағыналарын төмендегідей топтастыруға мүмкіндік бар:

- Мәдениет пен өркениет бір. Олар синонимдер (И. Гердер, Э.Б. Тайлор).
- Өркениет — мәдениеттің ақыры, оның кәрілік шағы, руханилықтың антиподы (Ж.Ж. Руссо, Ш. Фурье, О. Шпенглер).
- Өркениет — мәдениеттің прогресі, болашаққа бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі (Ф. Вольтер, Д. Белл).
- Өркениет — тағылық пен варварлықтан кейінгі тарихи-мәдени саты (Л. Морган).
- Өркениет — этностар мен мемлекеттерге тән мәдениеттің оқшау түрі (А. Тойнби, Н.Я. Данилевский және тағы басқалары).
- Өркениет мәдениеттің техникалық даму деңгейі, оның материалдық жағы.

Мәдениеттанушы Г. Чайлдтың пікірінше, өркениетке еңбектің қоғамдық жолмен бөлінуі, қалалардың пайда болуы, жазбаша мәдениеттің дамуы, қолөнер мен сауданың өркендеуі, азаматтық қоғам мен мемлекеттің орнауы жатады. Әрекеттену — жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршіліктің тірегі. Мәдени әрекет деп, әдетте, мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс-қимылдарды атайды. Мәдени игіліктерді толассыз жасау нәтижесінде адам өзінің де мәдени деңгейін көтереді.

Осы әрекеттің қайнары, түпкі қозғаушы күші ретінде ғылым адамның талап-мұқтаждарын, мәдени қажеттіліктерді бөліп қарастырады. Осылардың

қатарына біз мынандай адамдық қажеттіліктерді жатқызамыз: өмірдің мәні мен мағынасын іздеу, өмірден өз орнын табуға ұмтылу, шығармашылыққа талпыныс, альтруизм, гумандылық және тағы басқалары.

Қайсыбір ұлттық мәдениетті алсақ та, ондағы салт-дәстүрлер жүйесіне бірден назарымыз ауады. «Салт-дәстүр, — дейді белгілі философ Гердер, — тіл мен мәдениет бастауларының анасы». Мәдениет өзінің кең мағынасында бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі мәдениет өзегін құрастырады.

Мәдениеттің өзекті бөлігі — өнер. Таңбалы тастағы кескіндер мен тағы адамдардың ырым-билерінен бастап, Рафаэль мен Микеланджелонның мәңгілік туындыларымен жалғасқан, халықтың шығармашылық рухынан туған талай сұлу дүниелерсіз, өнер әлемінсіз, қандай мәдениеттің болсын рухын сезіне алмаймыз.

Адам және мәдениет мәселесін тереңдете түсетін тағы бір жайт адамның қабілеттілігіне, жан-жақтылығына, шексіздігіне байланысты. Американин ғалымы К. Поппер айтқандай, адам бірдей үш дүниеге:

физикалық, ментальдық (психикалық) және идеалдыққа жатады. Сонда мәдениет осылардың қайсысымен көбірек анықталады деген заңды сұрақ туады. Егер біз мәдениетті тек материалдық және рухани бөліктерге бөлудің қарадүрсін шеңберінен шыға алсақ, онда мәдениеттің өзінің ішкі мағынасында идеалды екендігіне көзіміз жетеді. Себебі, адамды қоршаған заттар, дүние — бұл мәдениеттің сыртқы көрінісі ғана, оның мәні — руханилықты адам әрекетінің нәтижесінде заттандыруда жатыр. Мәдениеттің ішкі мәні қоғамдағы өмір сүріп жатқан адамдардың өзіндік санасында, парасаттылық сезімдерінде, рухани ізденістерінде айқындалады.

Мәдениетте адам ғажап биік деңгейге көтеріледі. Мәдениет дегеніміз менің өмірім, менен бөлінген, мен өлгеннен кейін де тірі болатын менің шығармашылығым.

Бақылау сұрақтары:

1. Мәдениет дегеніміз не?
2. Өркениет дегеніміз не?
3. Мәдениетпен өркениеттің арасында айырмашылығы қандай?

Тақырып №4: Мәдениеттің қалыптасуы, архаикалық мәдениеттің ерекшелігі.

Жоспар:

1. Тас ғасырдағы мәдениет.
2. Кейінгі палеолиттің мәдениеті.

Архаикалық мәдениет — адамзат мәдениетінің бастамасы.

Адам баласының өсіп дамуындағы, адамдық жолға түсе бастауының ең алғашқы кезеңі алғашқы қауымдық құрылыс болды. Ол үш дәуірге бөлінеді.

Олар: тас дәуірі, қола дәуірі және темір дәуірі. Бұлардың ең бастамасы тас дәуірі болды. Ол үш кезеңнен тұрды. Палеолит, Мезолит және неолит.

Палеолит дәуіріндегі қауым адамдары гримге қажетті бет бояуларының 17 түрін білген және оларды түрлі діни мейрамдарда пайдаланатын болған.

Мұздақтардың уақытша шегінуі палеолит адамдардың өміріне де айтарлықтай өзгерістер енгізді. Кремнийді өндеудің ең жоғары тәсілі игеріліп, одан найзаның ұштары, пышақ, қанжар және тағы басқалары жасала бастады. Кремнийден жасалған қырғағыштар, түйреуіштер, тескіштер, аса таяқтар, түрлі мүсіндер пайда болып, кремнийдің көмегімен сүйек пен тастан жасалған бұйымдар безендіріле бастады.

Кейінгі палеолитте дүниежүзілік өркениеттің екі негізгі орталығы қалыптаса бастады. Олар: азиаттық және афро-еуропалық орталықтар. Адамзат баласының бұл алғашқы екі ошағының арасында байланыстар басталып, нәсілдік, техникалық, шаруашылық түрлерінің өзгешеліктеріне қарамастан алғашқы мәдени байланыстардың іргетасы қалана бастады. Кейінгі палеолит дәуірінде Еуропа тұрғындарында еуропалық нәсілдің белгілері, оңтүстік Орта Қара теңіз төңірегінде — негроиттік, ал шығыстағы Азияда —

монголоидтік нәсілдердің алғашқы нышандары біліне бастады. Жер бетін мекендеуші қазіргі халықтардың туысқандығының түп тамыры да — сонау кейінгі палеолит дәуірінде өмір сүрген алғашқы адамдардың бірлігінде болса керек.

Ертедегі аңшылар өзінің барлық болмысымен жануарлар дүниесімен тығыз байланысты болды. Аңшының бойындағы шыдамдылық, жігерлілік, батылдық сияқты қасиеттер оларды басқа кәсіп иелерінен ерекше етіп көрсетті. Кейінгі палеолит дәуірінің аңшыларында бұйрық беру тілі қалыптасты, өйткені аң аулау кездерінде түсінікті дыбыс белгілерін беру олар үшін ауадай қажет болатын.

Алғашқы қауымдық құрылыс мәдениеті дамуының соңғы кезеңдері — мезолит, неолит дәуірлерінде адамдар баяу болса да тұрмыс-тіршілігін табанды түрде өзгертуге кіріседі. Ол енді жалқыға емес жалпыға, жеке аңға емес, тұтас үйірге, кездейсоқ табылған дақылға немесе жеміске емес, өзі пайдалануға тиіс тұтас жер учаскелеріне назар аударады да, ортақ игілік үшін ұжымда еңбек ете отырып, көз аясындағы дүниені рухани сезіммен анағұрлым кең, әрі ұйымшылдықпен қамтыды. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде осы дәуірдің қоныстарының орнында ұзындығы 300 м., биіктігі 3 м.-ге дейін жететін желінген тамақтардың (сүйектердің) үйінділері табылған. Әсіресе, Дания жерінде мұндай үлкен үйінділер көп кездеседі. Олар негізінен бұқалардың, иттердің, бұғылардың, балықтардың, бұландардың сүйектерінен құралады.

Мезолиттің аяғына қарай әйелдер мен балалар үй шаруашылығына пайдалануға өте қолайлы саз балшықтан ыдысаяқтар жасауды игерді. Әлі де кебе қоймаған саз балшықтың үстіне саусақтың ұшымен немесе таяқшамен түрлі сызықшалар жүргізу — дәстүрге айналды.

Алғашқы қауымдық құрылыстың кемелденген кезеңі — неолит дәуірі. Бұл рулық құрылыстың орнығып, тас индустриясының шарықтаған кезеңі. Бұл тұста, әсіресе өте сапалы етіп жасалған тас балталардың көмегімен алғашқы қауым адамдары ағашты кесіп үй салды, қайықтар жасады. Жаңа тас

дәуірінде адамдар саз балшықты күйдіріп, оны су өткізбейтін қатты затқа айналдыруды үйреніп, оны одан әрі жетілдіре түсті.

Қорыта келгенде, алда қола ғасыры мен темір ғасыры — адамзат дамуындағы асқаралы жаңа баспалдақтар тұрды. Оның прогресс жолындағы қарышты қадамы дүниежүзілік мәдениеттің ірге тасының қалануына тікелей әсер етті. Қоғамдық даму барысында өнердің сан-саласы жетіліп, жаңа мазмұнға, жаңа форма л арға ие болды, металл өндірісінің әдістері одан әрі жетіліп «экономика» және «мәдениет» саласындағы ұлы төңкерістерге даңғыл жол ашты. Адамзат баласының даму жолындағы қарышты қадамының әрбір сатысында туындаған баға жетпес тамаша өнер туындылары болашақ ұрпаққа мәдени мұралар болып қала берді. Өз кезегінде алғашқы қауымдық құры-лыс мәдениеті — дүниежүзілік мәдениеттің негізін қалауда орасан зор роль атқарды. Ол негіздер: әлеуметтік ұйым, тіл, өнер, салт-дәстүрлер, наным-сенімдер, білім, туысқандық қарым-қатынастар және тағы басқалары болды. Дәуірлер ағымындағы бұл мәдени байланыстар — адамзат тіршілігінің басты мән-мағынасына айналды.

Бақылау сұрақтары:

1. Архаикалық мәдениет дегеніміз не?
- 2 Кейінгі палеолит кезеңіндегі мәдениеттің ерекшелігі неде?
- 3 Неолит кезінде мәдениетте қандай өзгерістер пайда болады?
- 4 Сол кезде ер адам қоғамда қандай роль атқарады?
- 5 Фетешизм дегеніміз не?

Тақырып №5: Конфуций - Даосистік ілімі

Жоспар:

1 Конфуций ілімі.

2 Даосизмнің ерекшелігі.

Қытай мәдениеті космостық ырғаққа, оның ырқына байланысты іс-әрекетке шақырады, өйткені адамның әрбір іс-әрекеті, тіпті оның шығармашылық қасиеттері де Аспанға, оның құдретіне тікелей байланысты. Мұндай тәңірлік

көңіл-күйді қытайлықтар былайша білдіреді: “Мен сөйлеп тұрған жоқпын, мен баяндап тұрмын”. Ұлы уағызгер Конфуцийдің көзқарасынша, адам бойындағы қасиеттердің барлығы да табиғатпен тығыз байланысты. Табиғат адамға дарын береді, ал дарындылық- табиғаттағы шығармашылық процестердің заңды нәтижесі болып табылады. Демек, қоғам мен табиғаттың өзара үйлесімділігі негізінде Аспан әлемімен, оның табиғи іс-әрекеттерімен байланыстырыла қарастырылатын әлеуметтік –этикалық мазмұндағы идеялар жатыр. Бұл идеялар даосизм және Конфуций ілімінде одан әрі түрленіп, толықтырыла түсті.

Қытай мәдениетінің негізгі қайнар бұлағы- Конфуций ілімі болып саналады. Оның негізін қалаушы Кун Фу-цзы, яғни Кун-ұстаз. Конфуций б.з.б. 551 ж, шамасында өмірге келген. Бала кезінен-ақ білімге өте құштар болған Ұлы уағызгер көне заман тарихын қызыға оқып, ескі салт дәстүрлерді өте жақсы көрген. Конфуцийдің ойынша, кез-келген мақсатты жүзеге асыру жолындағы шараларды әрбір адам саналы түрде жүзеге асыруы, өз-өзіне жоғары талаптар қоя білуі және қабылданған ережелерді мүлтіксіз орындай білу шарт, міне, сонда ғана қоғамда айтулы өзгерістерді жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Бұл-қағида – оның этикалық -әлеуметтік бағдарламасының негізі болып табылады және Қытайдың мәдени-тарихи дамуына ерекше ықпал жасады.

Конфуций өзінің өмірлік қағидаларын қағаз бетіне түсірген жоқ, бірақ оның айтқан ой тұжырымдарын шәкірттері жазба түрінде “Суждения и беседы” деген еңбекте жан-жақты баяндайды. Кітаптағы, әрбір қағида, ойтолғаулары “Ұстаз былай деген екен” деп басталады. Бұл баға жетпес құнды еңбек Ұлы даланың ілімінен толық мағлұмат беретін жалғаз жазбаша дерек болып табылады. Өзі өмір сүрген ортаны өткір сынға алып, болашақтан үлкен үміт күткен Конфуций жан-жақты толысқан, адамгершілік қасиеттері “мол жетілген адамның” бойында, негізінен екі қасиет болуы қажет, олар адамгершілік пен парыз сезімі. Ол “Мемлекетті басқаратын адам-халқын

шын ықыласымен сүюімен қатар парасатты және шыншыл болуы шарт” деген пікір айтты.

Даосизм адамзатты табиғатпен бірлікке шақырды. Сонау көне заманда басталған бұл тамаша дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, күні бүгінге дейін өзінің өміршендігін көрсетіп отыр. Сондықтан да қытай халқының мәдени туындыларында адамның табиғатпен байланысты жан-жақты көрсетіліп, тамаша бейнеленеді. Даосизімнің негізін қалаушы – Лао-Цзы өз заманында “кәрі дана” деген атаққа ие болған. Бұл діни жүйе діннен гөрі философияға жақындау болып келеді. Даосизм жергілікті дін ретінде бзб. VI ғасырда қалыптаса бастаған. Лао-Цзының өмірі туралы мәліметтер өте аз, әрі жұмбақ жақтары аз емес. Даосизм ілімінің негізі табиғатпен байланысты. Ол былай деп пайымдайды : ‘Адамзат жерге, Жер Аспанға тәуелді, Аспан даоны, ал өз кезегінде дао табиғилықты қажет етеді’. Олай болса дао-адамзат баласының тіршілігі мен бізді қоршаған жарық дүниенің дәнекершісі болып табылады. Дао-жер бетіндегі тіршілік атаулының негізі, бүкіл заттық дүниемен табиғат құбылыстарының қайнар көзі. “Дао- ілімінде жеке адамның адамгершілік тұрғыдан жетілуі-өзін қоршаған ортамен үйлесімділігімен байланысты қарастырылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Даосизм дегеніміз не?
- 2 Конфуций ілімінің ерекшелігі неде?
- 3 Лао-Цзы деген кім, оның негізгі еңбегі?
- 4 Даосизмдағы инь-ян принциптің негізі неде?
- 5 Адам Дао ілімі бойынша қоғамда қандай роль атқарады?

Тақырып №6: Үнді будда діні

Жоспар:

1. Үндістандағы қоғам ерекшеліктері.

2. Үнді-будда діні және мәдениетті

Жер шарындағы қасиетті де, құдыретті мәдениеттердің бірі - Үнді мемлекетінде қалыптасып өркендеген үнді-будда мәдениеті. Үнді жеріне келген арийлер өздерімен бірге б.з.б. 2000 жылы шыға бастаған көне мәдени мұралардың бірі- Ведаларды ала келіп, оны жергілікті халықтың арасына кеңінен тарта бастады.

Ведалар дегеніміз – діни сарындағы дұғалардың, құрандардың, құрбандық шалу кезінде айтылатын суреттемелердің, табиғаттың поэтикалық бейнесінен хабардар ететін өлеңдердің жиынтығы

Үнді-будда мәдениетіне тән қасиет дін мен философияның өзара тығыз байланысты болып, ұштаса білуінде. Философия ғылымы айланысатын мәселелерді діннен де көптеп кездестіруге болады. Сондықтан да болар, ведалар – діннің ғана негізі емес, сонымен қатар философияның да негізі болып саналады.”

Бір-бірімен өзара тығыз байланысты, ірі табиғи бірлікте болуына қарамастан үнді

философиясының алты классикалық мектебі де адамның әлемге дүние танымдық қарым-қатынастарының сан-саласын қамтып, танып-білудің түрлі әдістерін қарастырады. Мысалы “миманса” - діни салт-жораларды түсіндірумен айналысады және діни құрбандықтар шалуды жақтайды.

Құрбандық шалу – адамның құдай алдындағы өз парызын (дхарма) өтеуі болып саналады, онсыз “карманың” құрсауынан адам еш уақытта шыға алмайды. Кең мағынада алғанда карма дегеніміз - адамның тіршіліктегі жасаған іс-әрекеттерінің қазіргі өмірі мен болашағына әсері.

Б.з.б. У1 ғасырда үнді елінде, кейіннен дүниежүзілік дінге айналған, будда діні қалыптаса бастады. Оның негізін қалаушы ханзада, кшатрийлер варнасына жататын Будда болды. Оның шын аты-Сиддахартха, ал оның

анасы әйел патша Майя еді. Ұлы ханым Майяның шапағаты жер жүзіне тарады, оның жүрегiнiң тазалығы, өз-өзiне сенiмдiлiгi, парасаттылығы мен салмақтылығы, жер жүзiндегi барлық аналардың қадiр-қасиетiн арттыра түстi. Будда iлiмi адам бойындағы iзгiлiк, адамгершiлiк қасиеттердi одан әрi дамытуды насихаттайды. Онда былай делiнген: “Бұл дүниеде өшпендiлiкпен жеңуге болмайды, адам ашу-ызасын ақылға жеңдiрiп, зұлымдықты қайырымдылықпен ауыздықтауы қажет. Ұрыста мың адамды жеңiп шығуға болады, ал нағыз жеңiс адамның өзiн-өзi жеңiп шығуы болып табылады”. Будда дiнi Қытайда, Тибет пен Жапонияда, Непал мен Тайландта, Цейлон мен Вьетнамда, Монғолия мен Комбоджада кеңiнен тарап, миллиондаған халықтың құрметiне бөленедi.

Қытайда будда дiнiнiң идеялары б.з.б. 1- шi ғасырды тарай бастады. Будда дiнiмен бiрге Қытайда үндi өнерiнiң де ықпалы күшейе бастады. Ол Қытай ғана емес Кореяға, одан әрi Жапонияға да қанатын кең жайды.

Үндi-будда дiнiнiң бiлiмге үлкен құрметпен қарағандығын ешкiмде жоққа шығара алмас. Көне үндi афоризмдерiнде ғылымның маңызы мен мәнi жоғары бағаланған. Оған дәлел ретiнде ғылым мен бiлiмге байланысты мына бiр қанатты сөздердi мысалға келтiргендi жөн көрдiк: “Адамның ең қасеттi игiлiгi- ғылым мен бiлiм, оларға ешбiр баға да жетпейдi және олар еш уақытта да сарқылмайды”, “Билiк пен бiлiмдiлiктi салыстыруға болмайды”, “Патшаны өз елiнде ғана сыйласа, ғалым барлық жерде де құрметке ие”, “Бiлiмсiз адам малмен тең” және т.б. Үндi математиктерi, дәрiгерлерi араб, парсы және Орта Азия елдерiнде жоғары бағаланған, сондықтан болса керек көптеген адамдар бiлiм бұлағынан сусындау үшiн Үндi елiне келетiн болған.

Бақылау сұрақтары:

1. Касталарға бөлуну ерекшелiктерi?
2. Дiни ағымдар?
3. Будда дiнi қалай қалыптасты?
4. Ежелгi мәдениеттiң ерекшелiктерi?
5. Қазiргi уақытта Үндiстанда мәдениет қалай дамиды деп айтуға болады?

Тақырып №7: Мәдениеттің христиандық түрі

Жоспар:

1. Христиан діні.

2. Мәдениеттің христиандық түрі.

Өзінің табиғаты жағынан сан қырлы, әрі жан-жақты болып келетін христиан мәдениеті-Исус Христос дінін қабылдаған барлық халықтарға тән мәдениет болып саналады.

Христиан діні құлиеленуші Рим империясының әбден құлдырап, қоғамдық өмірдің терең экономикалық әлеуметтік тоқырау белең алған кезде өмірге келді.

Христиан дінінің негізгі қағидалары Библиядан (Инжілден) және “шіркеу аталары” деген абыройлы атқа ие болған дін қайраткерлерінің таңдаулы діни еңбектерінен алынған. Христиан дінінің негізгі бағдарламалық құжаты – Исус Христостың өмірі жайындағы жеке-жеке төрт әңгімеден тұратын “жаңа заң” болып есептелінеді.

Христиан діні-өзінің мазмұны мен мәні жағынан өзгеше жаңа мәдениеттің негізін қалауға тікелей себепкер болды. Бұл жаңа мәдениет адам тұлғасын мойындады, адамның құдайтағаланың жер бетіндегі пендесі, ал Исус Христос адамзат баласының ең жақын қамқоршысы деп танылды.

Халықтың ғасырлар қойнауында жинақтаған мол мәдени мұрасына қиянат жасау-қылмыс болып саналады.

Христиан діні адамды жан мен тәнге бөле отырып, рухани бастаманы басты орынға қояды.

Адамның шынайы нағыз сулұлығы оның жан дүниесінің сулұлығымен өлшенеді. Көне замандардағы өнер туындыларында сыртқы сулұлыққа үлкен мән берілсе, ендігі жерде шиыршық атқан атлеттер бейнесінен гөрі, адам бойындағы рухани байлықты көрсетуге баса назар аударылды.

Христиан дінінің, христиан мәдениетінің мән-мағынасын тереңірек түсіну үшін, оның құндылық бағыттарына да көңіл бөлген жөн, өйткені құндылық бағыттар-жеке адамның жан дүниесінің басты элементтері болып табылады.

Ол адамның өмірде жинаған бай тәжірибесіне, оның жан-дүниесінің толғаныстары мен ішкі сезімдік қасиеттеріне тығыз байланысты болып келеді.

Христиан дінінің көркемдік бейнесі туралы мәселе мәдениет тарихындағы келелі мәселелердің бірінен саналады, өйткені христиан дінінің бет-бейесі өнермен тығыз байланысты болып келеді.

Олай болса, әлемдік мәдениетте бір-бірінен ажырамас мұндай сабақтастықты “Христиан мәдениеті” деген терминмен белгілейміз. Әрине, көптеген өнер туындыларының мазмұны, ондағы түрлі сарындағы бейнелер Библияға тікелей қатысты екендігін ешкім жоққа шығара алмас. Шындығында да, Еуропа халықтарының мәдени туындыларында, мейлі ол кескіндеме болсын, мейлі әдебиет сәулет өнерінің туындылары болсын бәрінде де Библияның сюжеттері пайдаланылған.

Христиан дінінің екі мың жылдық тарихына тереңірек үңіле қарасақ өнердің түрлі саларының, оның ішінде әсіресе сәулет өнерінің, музыканың, хормен ән айтудың, сурет өнерінің, шіркеу әдебиетінің және т.б. туындап, кейіннен заман ағымындағы өзгерістерге байланысты бүкіл халықтың игілігіне айналғандығын байқаймыз. Христиан өнері бүкіл Еуропа халықтарының мәдениетінің дамуына үлкен ықпал жасады. Кейінгі замандардағы талай дарынды жазушылар, ақындар, сазгерлер, суретшілер және т.б. өнер адамдары христиандық мәдениет ең ізгілік қағидаларын өз шығармаларының арқауы етті.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Христиан діні қашан және қалай қалыптасты?
- 2) Христиан діні мәдениетке қалай әсер етті?
- 3) Жетістіктері қандай болды?
- 4) Қазіргі уақытта мәдениет қалай дамып кележатыр?

Тақырып №8: Батыс Еуропалық мәдениет пен оның қазіргі әлемнің дамуына әсері.

Жоспар:

1. Батыс-еуропалық мәдениет.

2. Мәдениеті мен өркениетінің даму ерекшеліктері.

Батыстық өркениет – бірнеше елдер жиынтығы, олардың ортақ қасиеттеріне дамыған экономика, жеке тұлғаның еркіндігі, жеке меншіктің, адам құқына басымдық беруді мойындайтын құндылықтар жүйесі және т.б. жатады.

"Батыстық" ұғымды шығыстық мәдениеттен бөліп жіктейді, ал "өркениет" ұғымы ішкі тынысты және мәдени ұстанымдарды ғана емес, сонымен қатар батыстық мәдениет әсерін туғызатынын, оның салдарын, нәтижесін, батыстық мәдениеттің технологиялық жабдықталғанын білдіреді.

Бұл тұрғыда сөз мәдениеттің үстемдік етуші түрі жайлы болып отыр. Қазіргі зерттеулерде әдетте Батыс өркениеті еуропалық техногенді мәдениетпен теңестіріледі. Техника мен ғылыми жетілген технологиялар еуропа өркениетінің мүмкіншілігін арттырды. Еуропалық ғылымға негізделген мәдениет үнемі жаңарып, өндірісті модернизациялап, бүкіл әлеуметтік өмір салтын өзгертуді білдіреді. Батысты ғаламдық өркениеттік сипаттау, әдетте Батыс пен Шығыстың арасында айырмашылықты қандай белгілерге сүйеніп жүргізумен шектеледі. Осы орайда, көптеген жаһандық мәселелер бойынша Батыстағы "механистік" пен Шығыстағы (Қытайдағы) "организмдік" ғылым, осыған сәйкес, жеке тұлғаның экстравертті және интровертті түрлері, гилозоизм мен иррационализм ұғымдары туындайды. Шығыстағы дүниетанымның басым түрі рационализм мен прагматизм. Батыстық өркениеттің мызғымас негіздері ретінде көбіне Қайта Өрлеу дәуіріндегі, Ағарту дәуіріндегі, XVII-XVIII ғасырлардағы ғылыми төңкерістің мәдени жетістіктері аталады. Жаһандық тұрғыда әлемдік өркениет тарихында Батыс өркениетімен мәдениетінің даму динамикасындағы алшақтық бар болса да, Батысты Шығысқа қарсы қою үшін қолданбау керек. Батыс әдеттегіден жоғары жаңару мен жұмылудың үлгісін көрсетіп отыр; Шығыс үшінші

мыңжылдық қарсаңында өзіндік дәстүрлі мәдени құндылықтары мен бағдарларына адал күйінде қалуда. Ғылымды әлеуметтік мәдени институт ретінде қалыптастырған дәл осы Батыс. Бұл жерде сөз тек ғылыми-техникалық қоғам құратын эксперименталдық ғылым жайлы болып отыр. Осы орайда Еуропа өркениетіндегі бүкіл үш мәдени оқиғаның өзара байланысы мен өзара тәуелділігін айтып өту ләзім: Қайта Өрлеу, Реформация, ғылыми-техникалық төңкеріс. Қазіргі әлемде ғылым әлеуметтік жаңару институты ретінде дүниежүзіне кеңінен таралуда. Бұл жағдайда ежелгі дүниеден бастап, Батыстық өркениеттің ерекшеліктерін, қайталанбастығын анықтау мүмкін болмақ. Міне, тарихи дамудың осы кезеңінде әлемдік мәдениеттердің көп, түрленген сипаты анықталады. Осы көзқарасқа сай, батыстық өркениет қазіргі әлемнің ғаламдық факторына айналады.

Экстраверт: адамдармен тез араласуға бейім тұратын; публика алдында сөз сөйлегеннен қысылмайтын; кез келген әрекетін сыртқы ортамен бөлісетін адам.

Интроверт: жалғыздықты сүйетін; өз-өзімен сөйлескенді ұнататын; ішкі әлемінде өмір сүретін жан.

Иррационализм - [латынша Irrationalis - ақылға сыйымсыз] - пайдагерлік ақылдың, тәжірибелік ойлаудың танымдық мүмкіндіктері шектеулі деп санайтын және руханилықты, сезімді, түйсікті, қиялды дүниетанымның негізі деп есептейтін рационализмге қарама-қарсы таным жүйесі.

Гилозоизм - өмір, сезім табиғаттың барлық заттарына тән деп уағыздайтын ілім.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Батыстық өркениет дегенді қалай түсінесің?
- 2) Батыс мәдениеті мен шығыс мәдениетінің айырмашылығы неде?
- 3) Батыс өркениеті қай бағытта дамыды?
- 4) Батыс өркениеті шығыс өркениетіне қарағанда қандай басымдыққа ие болды?
- 5) Батыстық өркениеттің мызғымас негіздері не болып табылды?

Тақырып №9: Африкалық мәдениеттің ерекшелігі

Жоспар:

1. Вуду діні.

2. Мәдениетінің ерекшеліктері.

Африка аумағы жағынан Евразиядан кейінгі орынды алатын құрлық. Жерінің аумағы 29,2 млн км² аралдарымен бірге 30,3 млн км². Тұрғыны 728 млн адам (1995) Солтүстік Оңтүстікке қарай 8000 км, ал Батыстан Шығысқа қарай 7500 км (сахарраға созылған) Оңтүстік ені 810 км жағалауынан жалпы ұзындығы 30500 км.

Африканың басым халқы Готтентоттар. Олар Оңтүстік Африканың байырғы халықтары. Намибияда (110 мың) және Ботсванада 135 мың тұрады. Жалпы саны 180 мыңдай.

Олар Европалық отаршыларға қарсы көп жылдар бойы соғысты. Жеңіліс тапқан готтентоттардың бір бөлігі құлдыққа түсіп. Басым көпшілігі Еуропалардың шаруашылықтарында жұмыс істеді. Қазір гетонтоттар дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысады. Ұлттық тағамдарында сүтті көп пайдалынады.

Геттонтоптар тұрмыс тіршілігінде мәдениеті мен өмірінде ұлттық ерекшелік көп сақталмаған. Қазір геттонтоптар еуропаша киінеді. Дәстүрлі мекен жайы Караоль деп аталады.

Бушмендер- Оңтүстік және Шығыс Африканың Калакари мен Намиб шөлді аймақтарында тас ғасырларынан бері қоныстанып келе жатқан ежелгі, жергілікті халық Жалпы саны 90 мың адам. Бір кездері Оңтүстік Африкаға түгел қоныстанған. Бұл көп халықты Солтүстік тен бантулар, оңтүстіктен еуропа отаршылары ығыстырып қырғынға ұшыратқан. Бантулар келгенге дейін олар металл және қыш ыдыстарды білмеген. Ерлер ұшы тастан, сүйектен жасалған жебелері бар садақпен қуалап, аң-құс ауласа, әйелдер ағаш құралдарымен жер өңдеген. Құс етін салатын тері ыдыстар сияқты қарапайым бұйымдарды пайдаланылған. Үңгірлерді ағаш бұтақтарына жасаған құмды жерлерде қазылған шұңқырларда мекендеген. Киім орнына

тері жапқыш (каросс) пайдаланған. Дәстүрлі наным сенімдері сақталған. Бушмендердің қоршаған орта, табиғат құбылыстары өсімдіктер дүниесі жайлы олардың сырлары терең білуге байланысты ежелден қалыптасқан халықтық мектебі бар. Мәселен: Бушмендер су жоқта, дымқыл жерлерден тролник трубалар арқылы су тартуды білген. Қазіргі көптеген бушмендер еуропалы фермаларға және қаларадағы кәсіпорындарға жұмысқа жалданады. Шағын жанұяларда 10-15 адам болған. Бушмендер әке жағына қауымдастыққа бірігеді.

Бушмендер ежелден ақ тасқа бедерлеп және бояумен қажап сурет салатын (бояулармен) шеберлер болған. Жартастарға минерал немесе топырақ бояулармен мал майы мен суға ерітілген әкпен күйемен салынған суреттері табылған.

Африканы мекендейтін ұлттар мен халықтардың, тайпалардың мен этностық топтардың тілдері: Африка 100 аса тіл бар, олар әлі жетіле зерттелмеген. Араб суахили, хауса, фульбе, амхара сияқты көбірек тараған тілдер болмаса, Африка халықтарының ортақ тілі жоқ. Жаңадан қалыптасып келе жатқан Африкан интелегенциясы отаршылар (француз, ағылшын, итальян т.б.) тілдерін өз ана тілімен қатар қолданылады.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Африкалық мәдениет қалай қалыптасты?
- 2) Вуду діні мәдениетке қалай әсер етті?
- 3) Жетістіктері қандай болды?
- 4) Африкан салт-дәстүрлер туралы не айтуға болады?
- 5) Саулет өнері қалай дамыған?

Тақырып №10: Ислам мәдениетінің әлемі

Жоспар:

1. Ислам діні.
2. Ислам мәдениеті.

Тарихымызға тереңдей көз салсақ, сан ғасырлардан бері ата-бабаларымыз ислам мен әдет-ғұрыптарымызды сабақтастырып, күні бүгінге дейін мәдениетіміз бен құндылықтарымызды жалғастырып келеді.

Қазақтың қанына сіңіп, өмірінен көрініс берген имандылық, ізеттілік, мейірімділік, инабаттылық, қонақжайлылық секілді қалыптасқан болмысы ұлттық мәдениетіміздің айқын белгілері болып табылады.

Ислам құндылықтарымен біте қайнасқан қазақ халқының салт-дәстүрлері ұлтты ұйыстырып, халықты ынтымағымен баурап келеді. Өзара сабақтасып, үндесе білген дін мен дәстүр бүгінге дейін үлкен маңызға ие болды.

Тарихшылардың саралауынша Қазақстанға ислам діні VII ғасырдың басында келді. Сол уақыттағы қазақ халқы ұстанған салт дәстүрлерінің біршамасы әлі күнге дейін сақталып келеді. Халықтың мұсылмандыққа дейінгі ұстанған салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары да болды. Мәселен, «тасаттық», «бесік құда», «қарсы құда», «сүйек жаңғырту», «қалыңдықты алып қашу», «қалың төлеу» сияқты әдет-ғұрыптар ел ішінде кең тарады. Ислам келгеннен кейін де аталған салт-дәстүрлер жалғасын тауып, ислам шарифатымен жанаса білді.

Тіпті, күнделікті Жаратқанның есімін жадымызда ұстап «Алла сақтасын», «Алла жолыңды берсін», «Алла алдынан жарылқасын», «Аллаға аманат бол», дейтін жақсы әдетіміз де бар. Мұның барлығы сайып келгенде, тіршілігімізге, рухани тәлім-тәрбиеге жол сілтей отырып, мәдениетіміздің дұрыс болуына ықпалын тигізеді.

Қазақ халқының әдептілік қағидалары қасиетті Құран мен хадистерден алынғанын мазмұнды мақал-мәтелдерінен біле аламыз. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Шыншылдық жақсылыққа жетелейді, ал жақсылық жәннатқа жетелейді», - деген хадисі бар. Ал халқымыз мұны: «Шындықтың шырағы сөнбейді», - деп жеткізген. Өтіріктің өрге баспайтынын алға тартқан Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Өтіріктен сақтан, себебі, өтірік пен иман бір жерде болмайды» деп айтқан. Дана халқымыз: «Өтірікшіде иман жоқ» деп мақалдатқан. Міне, қарап отырсақ халқымыз хадистің аясында өрнектеп сөз айтып, өскелең ұрпағына шыншылдық пен өтіріктің ара-жігін көрсету арқылы тәлім-тәрбие бере білген.

Қазақтың исламның аясында мың жыл үстінде өмір сүргендігін ескерсек, халықтың бойына сіңген, өмірінен орын алған әдет-ғұрып пен дәстүрімізге ерекше мән берілу қажеттілігі айқындалады.

Кез келген ұлттың құндылығы өзімен бірге жасасып келе жатқан тілінде, салт-дәстүрінде және мәдениетінде. Оларды бір-бірінен бөліп те қарай алмаймыз. Себебі, олар бірін-бірі толықтыра отырып, тұтас бір ұлттың болмысын құрайды. Осы орайда қазақтың ұлттық және діни дәстүрлерінің тәрбиелі ұрпақ қалыптастырудағы рөлі орасан екенін атай кеткен жөн.

Қазақ халқында өзінің қажыр-қайраты мен ақыл-парасатының тереңдігіне сенімді нағыз жігіттерден бірнеше өнерді бағындыру талап етілетін. Қайраты мен ақылы сай жігіт сұлтандарын «сегіз қырлы, бір сырлы» деп сипаттайтын. Сол «сегіз қырлының» бірі мұсылманша білімді болу еді. Сондықтан әрбір талапты ер, мұсылмандық қағидаларын басқалардан гөрі жетік білуге тырысты.

Абай заманында намаздың шарттарын дұрыс білмейтін, дұғаларын жөндеп оқи алмайтын адамдар қазақ қоғамында ең қор, төмен адамдардың қатарына жатқызылған. Өйткені сол кездегі қазақ қоғамында діннен бейхабар болу, намазды, Құранды дұрыс оқи алмау, парыздарын білмеу үлкен айып саналған.

Қорыта айтқанда, қазақтың дәстүрінде ислам мәдениеті ерекше көрініс тапқан. Сол үшін де ұлт болып қалыптасып, елдігімізді онан әрі нығайтуда дінімізді берік ұстап, дәстүрімізді дәріптеуіміз керек.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Ислам діні қашан және қалай қалыптасты?
- 2) Ислам діні мәдениетке қалай әсер етті?
- 3) Жетістіктері қандай болды?
- 4) Қазіргі уақытта Ислам діні әлемдегі маңыздылығы туралы не айтуға болады?
- 5) Басқа әлемдік діндерімен қандай қарым қатынаста?

Тақырып №11: Ежелгі дәуірдегі Қазақстан территориясын мекендеуші халықтар мәдениеті

Жоспар:

- 1. Сақ тайпалары туралы жалпы ұғым**
- 2. Сақ тайпаларының мәдениеті**
- 3. Сақ тайпаларының археологиялық ескерткіштері**
- 4. Ғұндардың тұрмысы**
- 5. Ғұндардың қоғамдық құрылысы**
- 6. Ғұндардың мәдениеті**

Б.з.д. I мың жылдықтан Қазақстан территориясын мекендеген көшпелі тайпалар «сақ» этнонимі арқылы белгілі. Жазба деректерде олардың қазіргі Қазақстан территориясының барлық аудандарын қоныстануы және олардың 3 топқа бөлінгендігі туралы жазылған: сақтар тиграхаудтар(шошақ бөріктілер), сақтар-хаомоваргалар (хаома сусын дайындайтындар), сақтар-парадарайлар (теңіздің арғы бетіндегілер). Тарих атасы Геродот сақтарды «азиаттық скифтер», парсылар «күдіретті еркектер», Иран жазбалары «жүйрік атты турлар» деп атаған.

Сақ тайпаларының мәдениеті

Темірдің шығуы және шаруашылықтың прогрессивті түріне көшуі сақтардың мәдениетінің дамуына әсерін тигізді. Жазба және археологиялық деректер сақтардың материалдық мәдениетінің кейбір элементтерін қайта құруға мүмкіндік туғызады. Олар киіз үйде және тұрақты тұрғын үйлерде тұрды. Бастарына төбесі шошақ бөрік, үстеріне құрамына белбеумен буылған мата көйлектер, аяқтарына тар еңсіз шалбар мен саптама етік киді. Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның » киімі ежелгі сақтардың шеберлілігінің жоғарғы дәрежеде дамығандығын көрсетеді. Сақ қоғамында діни нанымдары мен ғұрыпиарының негізгі бағыты ата-баба аруағына сиыну болды. Арнайы рулық зираттары болған, оған өлген адаммен қоса, оның дүние-мүлкін жерлеген. Рулық зираттар қыстаулар маңында болған. Өлгендердің бәрі әдетте жылдың қай мезгілі болса да, осы жерге жеткізілді.

Өлікті сақтау үшін, әсіресе жаз күндері, сақтар бальзамдау мен мумиялауды қолдана білген. Сақ өнері осы заманғы адамдарды да сүйсіндіреді. Оның басты компоненті «аң стилі» деп аталған өзінше бір үлгідегі бейнелеу формасы болды. Оның негізгі тақырыбы аңдарды, хайуандарды бейнелеу болды. «Есік» обасынан табылған сақ ақинақ – қанжары «аң стилінде» шебер жасалған. Сақтардың қолданбалы өнерінің маңызды түрі ою-өрнек болды, ол «аң стилі» өнерімен өзара байланыста дамыды. Алайды, ою-өрнек, өнерінің ескерткіштері өте аз кездеседі, өйткені олар тері, киіз, ағаш, жүн материалдарынан жасалуына байланысты осы күнге дейін сақталмаған. Антропологтардың айтуынша, сақтардың кескін – кейпіні еуропалық нәсілдік болған. Қазақстан территориясында моңғол тектес тайпалардың сіңісуімен байланысты кейбір морфологиялық өзгерістердің болғанын аңғаруға болады. Сақтар Шығыс Иран тілдерінде және диалектерінде сөйлеген. Сақ қоғамы әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының ең жоғарғы сатысына көтерілді. Осының арқасында олар, сол уақыттағы дүниежүзілік оқиғаларға қатынасты және дүниежүзілік мәдениет тарихына айқын айтарлықтай із қалдырды.

Сақ тайпаларының археологиялық ескерткіштері

Оңтүстік Қазақстан және Жетісу: Жуантөбе, Түгіскен, Ұйғырақ, Қарашоқы, Берікқара, Есік. Қарғалы, Бешатыр, Алтын-эмель-2, Қадірбай-2, Қызылауыл. Шығыс Қазақстан: Берел, Катон, Күрті, Маяэмир, Құлажорға, Бать, Шілікті, Бұқтырма, Жолқұдық, Чернореченск, Боброво, Ертіс, Мнотьевка.

Солтүстік Қазақстан: Берлік-2, Покровка, Бектекіс, Карлуга, Каноткел, Боғанаты.

Орталық Қазақстан: Тасмола, Қарамұрын, Нұрмамбет, Жыланды.

Батыс Қазақстан: Целинный 1, Сынтас, Бесоба, Нагорненский, Алебастрова 2, Лебедовка, Байте.

Арал маңы: Шірік-Рабат, Баланды, Бобыш-мола.

Біздің заманымызға дейін IV-III ғасырларда Қытайдың солтүстігі мен Орталық Азияда ғұндар деген тайпалар бірлестігі (сюнну, дунху) пайда

болды. Нақты айтқанда, біздің заманымызға дейін 209 жылы бой көтеріп, біздің заманымыздың 216 жылына дейін өмір сүрді. Б.з.д. III ғасырдың соңғы онжылдығында Ғұндар мемлекетін әскери басшы тәңірқұты (шаньюй) басқарды.

Ғұндарда мал шаруашылығы жақсы дамыды. Олар үй-жануарларының барлық түрлерін өсірген. Жазба деректер ғұндар үйір-үйір жылқы, қора-қора қой өсіруші еді деп хабарлайды. Оларда егін шаруашылығы да маңызды роль атқарды. Әсіресе, ғұндар тарыны өсірген. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде, егіншіліктің ойдағыдай болғанын білдіретін темір орақ, шойын тістер, қол диірмендер, тас үккіштер сияқты егін салуға және оны жинап алуға қажетті құрал саймандар табылған. Сонымен қатар ғұндар аң аулаумен айналысқан. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан ғұндардың негізгі баспанасы киіз үй және жартылай жертөбелер болды. Олар үйдің бір бұрышына салынған ошақтан еден астымен тартылған кәңмен (труба) жылытылған.

Ғұндарда қолөнер ойдағыдай дамыған. Әсіресе, олардың шеберлері ыдыс-аяқтар, ұсталары темірден қару-жарақтар жасаған. Ыдыс-аяқтарды ағаштан, теріден, қыштан, металдан жасай білген. Ғұндардың қолөнер кәсібі күшті болғаны соншалықты түрлі бұйымдар (металдан, сүйек пен мүйізден, тас пен саздан, ағаштан, керамикадан) жасалды.

Сауда дамығандығын жібек маталар, айналар, нефриттен істелген бұйымдар көрсетеді. Қолөнері мен бейнелеу өнері жоғары деңгейде болған. Зергерлік өнердегі полихром стилін дүниеге әкелген. Ат үсті ойындарының негізін салған. Көктәңіріне табынып, ата-баба рухына сиынған. Ғұн тайпаларының ішінде атақты зергерлер болған. Ауқатты адамдардың зираттарынан табылған алтын сырғалар, жүзіктер, әшекейлеп жасалған белдіктер жасалуы жағынан сақ тайпаларының әшекей бұйымдарынан бірде-бір кем түспейтіндігі көрсетеді. Бұйымдарды сәндендіруге басты бейне есебінде жабайы аңдардың бейнесі қолданған.

Ғұндардың діни-наным, сенімдері ата – бабаның аруағына сенуі – дүниеге табуының дәлелі. Жалпы ғұн тайпалары пұтқа табынған.

Мемлекеттің басында ұлы Сенгир (Шаньюй) тұрды. Оның билігі дара және мұрагерлік болды. Әдетте ол тағын үлкен ұлына немесе інісіне өсиет етіп қалдырған. Шаньюй барлық ғұндарға тиесілі жерлер және бүкіл мемлекет территориясына билік жүргізуге құқылы болды. Сонымен бірге, Шаньюй ол территорияны сақтауға, қорғауға міндетті болды. Оның соғыс жариялауға, бітім жасауға, армияны басқаруға құқысы болды. Жоғарғы сот билігі де Шаньюйдің қолында шоғырланды. Ғұн мемлекетінде Шаньюйден кейінгі екінші орында оның балалары және жақын туыстары тұрды. Бұдан басқа Шаньюйге түменбасы, жүзбасы, онбасылар бағынышты болды. Ғұндар 24 рудан құралды. Әр руды ақсақалдар басқарды. Ақсақалдар мемлекет ісін талқылау үшін бір жылда 3 рет құрылтай өткізіп отырды. Ғұндарда жақсы ұйымдастырылған әскер болған. Мұның негізгі тез жүретін атты әскер болды. Атты әскердің қаруы садақ пен жебе еді. Олар садақтарының сыртын сүйекпен қаптаған. Жебелердің екі түрі болған. Әсіресе, ұшқыр, ауыр ұңғырлы сауыт бұзар жебені темірден жасаған. Ұзын семсерлері ат үстінде жүріп соғысуға ыңғайлы болды. Ондай семсерлер Қазақстанда Ақтөбе Шаушықұм, Жамантоғай қорымдарынан табылған.

Жылқының асыл тұқымдарын өсіріп, ат баптауды жетік меңгерген. Әскери тұтқындардан құралған құлдар да болған. Жазба деректер ғұндар қоғамындағы өкімет белгісі туралы мәлімет те қалдырған. Ғұндар өз арасында қылмыс жасап айыпты болғандардың бетін тілген. Тілінген беттің тыртығы бұрынғы қылмысын білдіріп тұратындықтан, ондай адамдардың қайта қылмыс жасауға батылы бара бермеген. Себебі, келесі жазаланғанда өлім жазасына кесілетін. Ғұндар соғыс тұтқындарын құл қылып, оларды үй қызметшілері, бақташылар, қолөнершілер және жер жыртушылар ретінде пайдаланған. Ер азаматтарының барлығы дерлік қатардағы жауынгерсаналған. Ғұндар

әскерінің негізі атты әскерден тұрды. Салт атты жауынгерінің қару-жарағы — садақ, семсер, қанжар, найза, бұғалық (ұры құрық).

Бақылау сұрақтары:

- 1) Сақтар тиграхадтар дегендер кім?
- 2) Сақтар-хаомоваргалар дегендер кім?
- 3) Сақтар-парадарайлар дегендер кім?
- 4) Тарих атасы Геродот сақтарды қалай атаған?
- 5) Иран жазбалары сақтарды кімдер деп атаған.
- 6) Сақтардың мәдениетінің тез дамуына не әсер етті?
- 7) Ежелгі сақтардың шеберлілігінің жоғарғы дәрежеде дамығандығын қалай білуге болады?
- 8) Сақтардың қолданбалы өнерінің маңызды түрі не болған?
- 9) Ғұндардың билеушісі шаньюй сөзінің мағынасы
- 10) Ғұндар қай елмен 300 жылдан астам уақыт соғысты?
- 11) Цинь патшалығы ғұндардан қорғану үшін не істеді?
- 12) Ғұндар қай ғасырда оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлінді?
- 13) Ғұн тайпасы қай билеуші тұсында күшейді?/ Мөде/
- 14) Ғұн тайпасы қанша рудан тұрды?

Тақырып №12: Орта ғасырдағы Қазақстан мәдениеті

Жоспар:

1) Тіл және жазу

2) Діни нанымдар

Тіл және жазу. Түркі дәуірінде (VI – XII ғғ). Қазақстанда өмір сүрген ру – тайпалардың түркі тілінде сөйлегендегі түркология ғылымында толығымен дәлелденген. Алайда, тіл ғылымның зерттеулеріне қарағанда, негізгі түркі тілдес қарлұқтардың, кимақ – қыпшақтардың, оғыздардың, ұйғырлардың, қырғыздардың т. б. ру – тайпалардың өздеріне тән диалектілерінің бар екендігі анықталған .

Археологиялық зерттеулерде түркі тілдес ру – тайпалар өмір сүрген жерлердегі ескерткіштерден екі жүзден астам көне түркі тіліндегі жазба деректер табылған. Оның ішінде Орхан, Енисей өзендерінің бойындағы Күлтегін, Тоныкөк «алтын тас кітабы» жазулары белгілі болса, қазақ жеріндегі Талас өзені бойындағы Теренсайдан табылған жазуларда белгілі.

Түркі тіліндегі жазулар тіл ғылымында руна жазу деп аталған. Ол скандинавия халықтарының тілі бойынша, сыры ашылмаған құпия жазу деген сөз. Бұл жазудың оқылу сырын ашқан сол халықтың атақты тіл білімінің ғалымы Дания университетінің профессоры В.Томсон. Сөйтіп, ХІХ ғ. аяғында руна жазуының құпия сырының ашылуы ертедегі түркі тілдес халықтардың да өздеріне тән жазуларының болғандығын көрсетеді.

Түркі жазуы бір–бірімен қосылмай жазылатын 38 әріптерден тұрады.

Түркі дәуірінен қалған атақты «Күлтеген», «Білге қаған» сияқты тасқа жазылған дастандар қазақ тіліне аударылып, біздің оқырмандарымыздың қолына тиіп отыр. Қазақ халқы ол дастандарды өздерінің төл дүниесіндей қарсы алды. Оған басты себеп, ондағы жазылған әдет – ғұрып, салт – сана, діни – наным, сенім, мақал – мәтел, батырлық жырлардың үлгілері бәрі, халқымыздың тірлік – тіршілігінен алынғандай ұқсас. Бұл мұралар қазақ халқының ертеден келе жатқан бастауы.

Х ғасырдан бастап ислам дінінің қазақ жерінде етек жая бастауы араб жазуының түркілер арасында ене бастағандығын көрсетеді.

Діни нанымдар. VI–XII ғасырлардағы Қазақстан территориясындағы халықтардың арасында алуан түрлі діндер, нанымдар мен сенімдер орын алып отырды.

Олардағы басты бір нанымы – отқа табыну. Оны археологиялық зерттеулерден жерленген адамдардың заттарымен, мініс аттарымен бірге өртеліп қойылатын әдет – ғұрыптары да анықталған. Ол адам денесін отпен аластау болса керек. Түркілер табиғатқа да табынған. Олар өлген адамның денесін жер ананың қойынына өртеп, күл мен көмірін ғана жерлеген. Егер адам көктемде немесе жазда өлсе, ол адамның туған – туыстары бір төбеге жиналып киіз үй тігіп, алып барған малдарын құрбандыққа шалып, одан кейін өлген адамның мәйітін, атын, заттарын өртеп, уақытша сақтап, күзде шөп сарғайғанда ғана жерлейтін болған. Ал егер адам күзде не қыста қайтыс болса, ол адамды жоғарыдағы әдет –ғұрыптарын жасап, көктемде жер

көгеріп, шөп шығып, жапырақтар жайқала бастаған кезде жерлейтін. Бұл әдет наным – сенімнен табиғаттың төрт кезеңіне толық табынуды байқатады.

Кейбір жазба деректерге қарағанда, кимақтар мен қыпшақтар күнге, жұлдыздарға табынған.

Археологиялық зерттеулерге қарағанда, түркілерде христиан, манихей, будда діндері болған.

Түркі тайпалары IX ғ. бастап жаппай мұсылман дініне ене бастайды. Ал мұсылман дінін мемлекеттік дін есебінде алғашқы болып қабылдаған Қарахан мемлекеті. Сатұқ Боғраханнның баласы Муса ханның билік құрған жылдары (960 ж.).

Сөйтіп, X ғ. бастап Оңтүстік Шығыс Қазақстан жерлерінде мұсылман діні кең түрде етек жая бастайды.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Қазақстанда өмір сүрген ру – тайпалар қай тілде сөйлеген?
- 2) Орхан, Енисей өзендерінің бойында қандай жазулар табылған?
- 3) Қазақтың қай жерлерінде жазулар табылған?
- 4) Түркі тіліндегі жазулар тіл ғылымында қалай аталады?
- 5) Руна жазуының оқылу сырын ашқан кім?
- 6) Түркі жазуы қандай әріптерден тұрады?
- 7) Ислам дінінің қазақ жерінде етек жая бастауы нені білдіреді?
- 8) Мұсылман дінін мемлекеттік дін есебінде алғашқы болып қабылдаған кім?

Тақырып №13: XVI-XIX ғасырлардағы Қазақ халқының мәдени әдет-ғұрыптары

Жоспар:

- 1) Қазақтардың XVI-XVII ғасырлардағы мәдениеті
- 2) Қолданылған мылтықтар түрлері
- 3) Қазақтардың діни салт-дәстүрі

Қазақтардың XVI-XVII ғасырлардағы мәдениеті

XVI-XVII ғасырларда Қазақстанның мәдениеті өткен кезеңдегі мәдениеттің өткен кезеңдегі мәдениеттің барлық ерекшеліктерін бойына сіңірді. Солай

бола тұра, ұлттық өзіндік болмыс жасалып, материалдық және рухани мәдениеттің белгілері орныға бастады. XVI-XVII ғасырларда Қазақ мемлекетінің аумағы Орта Азияның отырықшы аудандарын қамтығанымен, оның мәдениетінің ерекшелігі бәрінен бұрын көшпелі өмір салтымен анықталады. Үй-жай, киім үлгісі, қоршаған табиғат туралы түсініктері, халық ауыз әдебиеті мен өнерінде көрініс тапты. Қазақ халқының тұрғын үйі материалдық мәдениеттің тамаша ескерткіші. Үй мен оның ішкі жабдығы қазақтардың көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтымен үйлесім тапты. Киіз үй ағаш пен киізден құрастырылады. Ол кереге ,шаңырақ, уықтардан тұрады. Киіз үйдің көлемі қанаттарының санына байланысты болады. Он екі қанатты киіз үйдің аумағы 100-120 шаршы метрге жетті. XVI-XVII ғасырларда Қазақстанға сондай-ақ жартылай отырықшы және отырықшы тұрақты үйлер де тән. Мұндай үйлердің .(жер үй, шошала, қақыра)көпшілігі Қазақстанның оңтүстігінен табылған. Қазақтардың өмірінде олардың басты қыстақ тұрақтары орналасқан Сырдария, Талас және Шу өзендерінің аңғарлары мен Торғай, Есіл және Ертіс өзендерінің маңызы зор болды. Қазақтардың ұлттық киімінде этникалық, экономикалық және климаттық жағдайларына байланысты ежелгі дәстүрлер көрініс тапты. Киім шұға, жүн және жібек маталардың, киіз бен теріден дайындалды. Қазақтарда қасқырдың, түлкінің, жолбарыстың және құндыздың, бұлғынның, күзеннің терілері аса қымбат бағаланды. Терілерден сәнді тондар тігілді. Бағалы аңдардың терісінен тігілген тондар «ішік» деп аталды. Қазақтардың қару-жарағы да әр түрлі болды. Ерекше балқытылған болаттан қайқы қылыштар, селебе, семсер жасалған. Сапы, қанжар, «жеке ауыз» - ұзын пышақтар кеңінен қолданылады. Садақ пен жебе, найза мен қылыш неғұрлым кең тараған қару болды.

Қолданылған мылтықтар түрлері.

XVII ғасырдың аяғынан бастап кейде Орта Азия қалаларынан сатып алынған, ішінара қазақтардың өздері жасаған мылтық та пайдаланыла бастады. Мылтықтың бірнеше түрі болады: білтесі бар және күміс серіппелі немесе

серіппесіз қысқа ауызды мылтықтар. Жалпы «шиті мылтық» деп аталғанымен от қару түрлерінің бірнеше атаулары белгілі. Солардың ішінде оқпаны сегіз қырлы және жезбен нақышталған мылтықтар, Хиуа ұсталары жасаған ұзын оқпанды мылтықтар, тағы басқалары бар. Қысқа ауызды алысқа ататын мылтықтар «қозы көш» деп аталды. Оқ-дәріні қазақтар өздері даярлады, кейде көршілерінен сатып алды. Осылайша қазақтардың материалдық мәдениеті өзіндік төлтумалылығымен ерекшеленді, Халықтың шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін бейнеледі, дала малшылары бабаларының мәдени дәстүрлеріне сүйенді. Қазақтардың шаруашылық-экономикалық өмір салты, олардың тағамы, киімі өздері өмір сүрген климаттық жағдайларға неғұрлым ыңғайлы келеді.

Қазақтардың діни салт-дәстүрі

Бұл кезеңдегі қазақ қоғамының ең басты мерекесі «ұлыстың ұлы күні»-Наурыз саналды. Наурызды қазақтар жылдың басы ретінде мерекеледі. Халық мерекелері әсем сазбен және ақындардың айтысымен жалғасын тапты. XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ халқының мәдени әдет-ғұрыптары XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдағы Қазақстан мәдениеті ежелгі қазақ жерінде өмір сүріп, қазақ халқын құраған ұлыстар мен тайпалардың рухани мәдениеті мен материалдық мәдениетінің заңды жалғасы және жаңа заманға сай дамып қалыптасқан түрі болды.

Рухани мәдениеті: Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды бір саласы - қазақ шежіресі. Қазақтың байырғы салт-дәстүрі бойынша әрбір қазақ азаматы өзінің жеті атасын білуге тиісті еді. Мұны балаларына үйрету әрбір атаның, отбасы тәрбиесінің негізі болды. XVIII-XIX ғасырларда бірнеше шежірелік жинақтар таспаға түсірілген. Олар: “Көшен-Қарауыл шежіресі” (XVIII ғ.), “Жәңгір хан шежіресі” (1835), Ш.Уәлиханов жазып алған “Ұлы жүздің шежіресі” және т.б. Сол сияқты XVIII ғасыр “ақындар поэзиясы ғасыры” деп аталған. XVIII ғасырда танымал болған Ақтамберді, Тәттіқара, Үмбетей, Бұқар, секілді жыраулар өз өмірінде ұшан-теңіз жыр шығарды. Қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алатын

XVIII ғасырдағы атақты жырау Бұқар Қалқаманұлының (1668-1781) бірнеше шығармалары сақталған.

XVIII-XIX ғасырларда ақын-жыраулық поэзиямен қатар шығыстық ақындық дәстүр үлкен орын алды. Қазақтың дастандары араб-парсы әдебиетімен, фольклорымен байланыста болды. Абай қазақтың классикалық әдебиетіне дастандар алып келді. (“Ескендір”, “Масқұт”, “Әзімнің әңгімесі”). Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904) өзі туған ортадан шоқтығы биік тұрды. А.Құнанбаев пен Ш.Уәлиханов XIX ғасырдағы екі үлкен білім жүйесінің өкілдері болды: діни (мұсылмандық) және зайырлы (орыстық). Мектеп пен медреселерде діни білім беріліп, молдалар мен мұғалімдер даярланды. Орынбордағы зайырлы оқу орындарының бірін 1857 жылы танымал жаңашыл-педагог, ағартушы Ы.Алтынсарин аяқтайды. XIX екінші жартысында Қазақстандағы музыка өнерінің дамуына Құрманғазы Сағырбайұлы, Дәулеткерей Шығайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ықылас Дүкенұлы сияқты композитор-музыканттар үлкен үлес қосты. Домбыра, қобыз, сыбызғы сияқты музыкалық аспаптар арқылы түрлі эпостарды, тарихи дастандарды, аңыз-әңгіме мен жырларды орындап отырды.

Материалдық мәдениеті:

Қазақтардың XVIII-XIX ғасырлардағы материалдық мәдениетінің күйі қоғамның экономикалық даму деңгейімен анықталды. Оның даму барысына көшпелі қазақтар экономикасының дамуындағы басты фактор ретінде көшпелі мал шаруашылығы әсер етті. Отырықшы халықтар өмірінде жер шаруашылығы үлкен рөл атқарса, көшпелі халықтарда мал шаруашылығы маңызды болды.

Қазақтардың ұлттық киімінде этнографиялық белгілері сақталып қалғанымен, олардың да пішіні мен түрлеріне өзгерістер енді. Ер адамдар бітеу пішілген, кеудесінде тік өңір қақпағы бар, жалпақ қайырма жағалы, етегі біршама ұзын көйлек киетін болды. Сырт киетін қысқы киімнің қадірлісі аң және үй жануарларының терісінен тігілген ішіктер болды.

Әйелдердің киімдері жас ерекшеліктеріне сәйкес бір-бірінен біршама ерекше болды. Қазақ әйелдері ерекше сәнді киініп, киімдерінің сыртынан тағатын кемер белдіктерін күміспен күштеп, алтынмен аптап, қымбат бағалы тастармен әшекейлеп отырды. Әйелдердің жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты бас киімдері де ерекше болды.

Негізгі тамақтары ет-сүт өнімдері болды. Қазақтар ыдыс пен керек-жарақтарды көбінесе сынбайтын материалдардан: ағаштан, теріден, киізден және шұғадан жасаған. Олар: торсық, саба, күбі, қазан, таба, ожау, астау, ағаш табақтар, мес, мал сауға арналған көнек және т.б.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырда қазақтардың рухани және материалдық мәдениетінде көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс-салтына байланысты дәстүрлі ерекшеліктер сақталып қалды.

Бақылау сұрақтары:

- 1) XVI-XVII ғасырларда Қазақ мемлекетінің аумағы қай жерлерді қамтыды?
- 2) Киіз үй неден құрастырылады?
- 3) Ол қандай бөліктерден тұрады?
- 4) Киіз үйдің көлемі неге байланысты болады?
- 5) Қазақтар тағы қандай үй түрлерін қонстаған?
- 6) Шошала дегеніміз не?
- 7) Мылтықтардың қандай түрлерін білесің?

Тақырып №14: Қазіргі заман Қазақстан мәдениеті

Жоспар:

- 1) **XX ғасырдағы мәдениет ерекшеліктері.**
- 2) **XX ғасырдағы қазақ халқының әдет-ғұрыптары**

Абайдан басталған қазақ мәдениетіндегі тың сарын XX ғасырдың бас кезінде ары қарай жалғасты. Қазақ мәдениеті XX ғасырды әрі үмітпен, әрі түңілумен қарсы алды. Дүниежүзілік техникалық және демократиялық прогресс Азия орталығына да жете бастады. Ұлттық идея темір тордағы халықты толғандырып, оны азаттық үшін күресуге ұмтылдырды. Әрине, ұлт-азаттық күреске бүкіл Ресей империясын қамтыған революциялық және реформалық қозғалыстар да әсерін тигізді. Алайда Қазақстандағы толқулар тек орыс

революционерлерінің ықпалымен болды деу жаңсақ пікір. Бірде-бір ресейлік саяси ұйым мен белгілі қайраткерлер империяны таратып, басқа ұлттарға азаттық әперу туралы мәселе көтермеді. Өзіне туысқан халықтардағы сияқты Қазақстандағы мәдени қайтадан жаңғыру орыс экспансиясына қарсы шығудан басталды. XX ғасырдың басында қазақтан шыққан алғашқы саяси қайраткерлердің бірі Міржақып Дулатов қазақ халқының манифесі — «Оян, қазақ!» өлеңін жариялады. Ол тұңғыш рет халықты ашық күреске шақырған ұран тастады: «Қазақстаннан болған социал-демократтарға бір ауыз сөз айтамын: Еуропаның пролетариясы үшін қанды жас төгуіңіз пайдалы, бірақ өз халқыңыз қазаққа артық назар салыңыз, орыстың қара халқының күнелтуі ауыр, сонда да алды ашық. Қазақ халқы алты миллиондық бір ұлы тайпа бола тұрып, басқа халыққа қарағанда жәрдемсіз азып-тозып кетер». Міржақып саяси мәселелермен қоса өз шығармасында қазақ мәдениетін тұйықтан шығаратын жолдар іздейді. Ең алдымен мәдени тоқыраудың себебін М. Дулатов бодандықтан көреді. Екі ғасырдың арасында қазақ мәдениетінде пайда болған бір құбылыс кейін өріс алған маргиналдықтың көбеюі. Бұл жерде әңгіме ұлттық мәдениеттен алыстап, үстемдік етіп отырған жат өркениетке қызмет еткендер туралы болып тұр. Болыстар мен тілмаштар, әкімшіліктің маңайындағы неше түрлі пысықтар көптеген жағдайларда «мәңгірттік» қасиеттерге ие болып, ұлттық мәдениеттен қол үзе бастады. Кейіннен Қазақстанның мәдени өмірінде ұлттық опера, балет, драма, симфониялар пайда болып, ауқымы кеңі түсті. Қазақ бұлбұлы Күләш Байсейітова, шебер биші Шара, кәсіпқой сахна жұлдыздары Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Шәкен Айманов т.б. өз өнерлерімен халық дәстүрін жаңа заманға лайықты жалғастыра білді. XIX ғасырдың ортасынан кейін қалыптаса бастаған жазба әдебиеті де кеңес Өкіметі жылдарында біршама табыстарға жетті. Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Мұқағали Мақатаев сияқты көптеген ақын-жазушылар, социалистік реализм мен тап күресі идеологиясының шеңберінен шығып, өз шығармаларында халықтың көңіл-күйін, арман-

тілегін, тыныс-тіршілігін шебер суреттей білді. Осы жылдары қазақ халқының мәдени тарихын зерттеп-білуге бағытталған біршама әрекеттер жасалды. Бұл ретте қазақ эпосының негізінде көрермендерге ұсынылған «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қалқаман — Мамыр» сияқты опера, көркем фильм, балеттерді атап өтуге болады. Тарихи ескерткіштерді қорғау, сақтау, Қазақстан тарихын көрсету мақсаттарында республикада көптеген мұражайлар ұйымдастырылды. 80-жылдарда республикада 47 мұражай, оның ішінде 29 өлкетану, 5 тарихи-мемориалдық, 4 әдеби-мемориалдық, 4 өнертану, 1 этнографиялық музей жұмыс істеді. Алайда тоталитарлық жүйе Қазақстан халықтарының мәдени толысуына ынталы емес еді. Мұны, әсіресе, мәдениеттің өзегі тіл мен дінге байланысты жүргізілген саясаттан көруге болады.

1991 жылдан бастап Қазақстан — тәуелсіз мемлекет. Ата заң бойынша, ол қазақ халқының өзін-өзі билейтін елі және басқа этникалық топтарға тең құқықтықты қамтамасыз етеді. Екі ғасырдан артық қилы заман Бұғалығын басынан өткізген ел енді ғана өзіне тән мәдениет пен өркениетті қалыптастыруға мүмкіндік алды.

Бақылау сұрақтары:

- 1) XX ғасырлардағы Қазақстан мәдениеті қалай қалыптасты?
- 2) Діни көзқарастар мәдениетке қалай әсер етті?
- 3) Ұлы қазақ зиялылар туралы не айтуға болады?
- 4) Қазақтардың салт-дәстүрлер туралы не айтуға болады?
- 5) Жалпы мәдениет сол кезде қандай бағытта дамиды?
- 6) Басқа халықтардың мәдениеттері қазақ мәдениеттің дамуына қалай әсер етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі оқу әдебиеттері:

Н.Ә.Назарбаев. Жолдау: «Қазақстан - 2030».

Н.Ә.Назарбаев. «Тарих ағымында». Алматы. 1999ж.

Мәдениеттануға кіріспе. Москва. 1995ж.

Гуревич И.С. «Мәдениет философиясы». Москва. «Знание». 1995ж.

Гуревич И.С. «Мәдениеттану». Москва. «Знание». 1996ж.

Соколов Э.В. «Мәдениеттану». Москва. «Знание». 1994ж.

Попов Е. «Мәдениеттануға кіріспе». Москва. 1996ж.

Радугин А.А. «Мәдениеттану». «Центр» баспасы. Москва. 1997ж.

Тимошинов В.И. «Мәдениеттану. Қазақстан. Еуразия. Шығыс. Батыс». Алматы. 1997ж.

Оқу анықтамалық құралдар:

Ислам. Энциклопедиялық сөздік. Москва. 1998ж.

Библиялық энциклопедия. Москва. 1998ж.

Бердяев Н.А. «Еркіндік философиясы. Шығармашылық мәні». Москва. 1989ж.

Бердяев Н.А. «Адам машина». Философия мәселелері. 1989ж. №2.

Бердяев Н.А. «Тарих мәні». Москва. 1990ж.

Бердяев Н.А. «Теңсіздік философиясы». Москва. 1994ж.

Бердяев Н.А. «Әлемдік ауылда өмір сүреміз бе». Т.В.Керимованың редакциясындағы мақалалар жинағы. Москва. 1994ж.